

Б.Бегалиев атындағы жалпы орта мектебінің мектеп психологтары 5-11 сынып оқушыларының арасында «Сыбайлас жемқорлықты болдырмау жолдары» тақырыбында Google форматта анонимді жүргізілген сауалнаманың қорытындысы.

Б.Бегалиев атындағы жалпы орта мектебінің мектеп психологтары 5-11 сынып оқушыларының арасында «Сыбайлас жемқорлықты болдырмау жолдары» тақырыбында Google форматта анонимді сауалнама жүргізілді.

Сауалнамада :

- 1) Сіз сыбайлас жемқорлық деп нені түсінесіздер?
- 2) Сыбайлас жемқорлықтың болдырмау жолы қандай?
- 3) Мектепте сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне куә болдыңыз ба?
- 4) Пара алған мұғалімнің аты-жөнін көрсетіңіз ? деген бағытта 10 сауал қойылды.

Сауалдарға оқушылар мектеп өмірінде сыбайлас жемқорлықтың жоқтығын және ондай жағдаймен кездеспегендіктерін көрсеткен.

Сыбайлас жемқорлықтың болуының негізгі себептеріне 59,2 пайыз оқушы қоғамдық көзқарас пен имандылықтың төмендігидесе 23,7 пайыз өзіндік бақылаудың болмауы 17,1 пайыз төменгі жалақы деп жауап берген.

Сыбайлас жемқорлықтың санын азайту үшін не істейміз деген сауалға : Жалақыны көбейту, Заңды күшейту, Қатаң заң шығару, Үлкен лауазымды орындарға адал адамдарды отырғызу деген өз жауаптарын жазған.

Оқушыларға осы бағытта, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін еңбірінші өзімізден бастауымыз қажет. Әр іс әрекетіміз адал, таза ғана болса біздің елімізде жемқорлықтың азаюына үлкен үлесімізді қосатынымыз анық деп кеңес берілді.

Сонымен қатар, еліміздің әр азаматы осы заңды білсе бізде жемқорлық болмайтынына сеніміз мол.

Мектеп психологы: Н.Харисова